

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ
ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ
ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ КАФЕДРАСЫ**

**«6В11101 - Туризм» білім беру бағдарламасы
73393- «Шытырман-оқиғалы туризм» пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

КӨКТЕМГІ СЕМЕСТР 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

«6В11101 - Туризм» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША

Алматы, 2023

73393- «Шытырман-оқиғалы туризм» пәні бойынша емтихан бағдарламасы Рекреациялық география және туризм кафедрасының PhD, аға оқытушысы Орынбасарова Г.О. құрастырған

Рекреациялық география және туризм кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған

Хаттама № , « » 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Плохих Р.В.

Хаттама № , « » 2023 ж.

КІРІСПЕ

Пәннің қорытынды бақылау формасы - жазбаша емтихан (СӨЖ, семинар тақырыптары енгізілген)

Емтихан форматы – офлайн

Емтихан тапсыру тәртібі және талаптары:

Емтихан кестеге сәйкес өтеді. Емтихан басталмас бұрын аудиторияға 30 мин бұрын ерте келіп, жеке куәліктерін тапсыру керек. Кешігіп келген студент емтиханға кіргізілмейді. Ұялы телефондарын кезекші мұғалімге тапсыру керек. Емтихан билетінде 2 сұрақ болады. Емтихан бағасы 48 сағаттың ішінде қойылу керек. Бағалау саясаты: «КМТ 6307 - «Туризмдегі картографиялық модельдеу» пәні бойынша емтихан жазбаша формада өткізіледі. Емтиханда көшіруге болмайды

Емтихан сипаттамасы:

➤ 73393- «Шытырман-оқиғалы туризм» пәні бойынша емтихан жазбаша формада өткізіледі.

➤ Пәнді игерудің мақсаты магистранттарға туризмдегі картографиялық модельдеу пәні бойынша карталарды құрастыру процессін, негізгі заңдылықтарын, картографиялық әдістер мен жаңа программаларды, өнімдерді пайдалануды үйрете отырып, жаңа картографиялық туындылармен, яғни веб-карталармен, геопорталдармен жұмыс жасап үйрету, геоақпараттық жүйелерді ұтымды пайдалану қабілеттерін дамыту болып табылады.

➤ Жазбаша емтихан: дәстүрлі-сұрақтарға жауап жазу.

➤ магистрант кез-келген сұрақтардан жауап бере бастауына болады;

➤ емтихан билетінде 3 сұрақ болады. 1 сұрақ пән бойынша теориялық мәліметті қамтиды, 2 сұрақ талдау, сараптау әдістерін пайдалана отырып, проблемалық сұрақты өз ойынша шешуді көздесейді және 3 сұрақ практикалық бағыттағы сұрақтарға жауап беруді қамтиды.

Маңызды жағдай - емтиханда басқа кітаптарды, оқулықтарды, қолжазбаларды, қаламдарды, кез келген қосымша техникалық құралдарды (телефондар, гаджеттер, дербес компьютерлер, ноутбуктер) пайдалануға тыйым салынады.

Бағалау критерийлері (бағалау шкаласы):

Тапсырмалардың сапасын бағалау үшін критерийлер қажет:

➤ ішкі жағдайларды немесе сыртқы критерийлер ескере отырып, бағалау, қорытынды жасау қабілеті көрсетілді;

➤ мәселені шешуге пәнаралық көзқарас көрсетілді, әртүрлі ғылыми салалардан білімді интеграциялау жүзеге асырылды;

➤ мәселені шешуге негіз болған тұжырымдарды сенімді түрде дәлелдейтін дәлелдер жүйесін құру;

➤ мәселені шешудің дәстүрлі емес тәсілін қолдану;

➤ ой (идея) негізінде жатқан және нәтижесінде іске асырылған шешімдерді теориялық негіздеу;

➤ терминологияны меңгергендігін көрсету;

➤ білімді қолдану, талдау, сын жүргізу.

Емтихан жауаптары 100 баллдық жүйе бойынша бағаланады:

95% - 100%: A	90% - 94%: A-	
85% - 89%: B+	80% - 84%: B	75% - 79%: B
70% - 74%: B-	65% - 69%: C	60% - 64%: C-
55% - 59%: D+	50% - 54%: D-	0% -49%: F

1 сұрақ жауабы максималды - 50 балл, 2 сұрақ жауабы максималды – 50 баллды құрайды.

Бағасы	Жауаптың максималды бағалануы	33 балл	34 балл
Өте жақсы (90-100%)	1. Барлық теориялық сұрақтың барлығына толық және дұрыс жауап берілген 2. Барлық практикалық мәселелер шешімін тапқан 3. Жауабы логикалық тұрғыдан дұрыс баяндалып, сауатты жазылған. 4. Шығармашылық дағдылар көрініс тапқан	30-33	30-34
жақсы (70-89 %)	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс жауап берілген, бірақ қателіктер бой алдырған, немесе толық ашпаған. 2. Практикалық мәселелер шешімін тапқан, алайда аз-маз қателіктер бар 3. Жауабы логикалық тұрғыдан дұрыс баяндалып, сауатты жазылған	25-29	26-29
Қанағаттанарлық (50-69%)	1. Жалпы теориялық сұрақтарға жауап берілген, алайда баяндалуында, логикалық жүйелілігінде біршама қателіктер кездеседі. 2. Практикалық мәселе толық шешімін таппаған. 3. Материал сауатты баяндалған, алайда логикалық байланысы бұзылған.	17-24	17-25

Қанағаттанырлық сыз (0-49 %)	1. Теориялық сұрақтарға жауап- тарда өрескел қателіктер бар 2. Парктикалық тапсырма орындалмаған 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателіктер бар, логикалық байланыс жоқ	0-16	0-16
---	---	------	------

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: 73393- «Шытырман-оқиғалы туризм» Қорытынды бақылау формасы: жазбаша офлайн.

Критерий	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттандырылмайтын»	
	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Сұрақтарға қажет жерде мысалдармен суреттелген толық жауаптар берілген; Жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалған, шытырман оқиғалы туризм бойынша терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Сұрақтарға тұтастай дұрыс жауаптар берілді, бірақ принципті емес жеке дәлсіздіктермен. Курстың шытырман оқиғалы туризм бойынша терминдері дұрыс қолданылмайды, жеке қате мәлімдемелер стилистикалық қателіктері бар.	Сұрақтарға жауаптар үзінді сипатында болып, дұрыс технологиялық жүйелер дұрыс емес технологиялармен аралас. Тақырыпты толық ашу үшін қажетті курстың мазмұндық блоктары қамтылмайды. Студент жалпы оқу курсының тақырыбына назар аударады, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады.	Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Оқу курсы үшін сұрақтардағы негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі.	Сұрақтарға жауаптар жоқ; студенттің оқу материалының көп немесе маңызды бөлігін білмеуі немесе түсінбеуі анықталған. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну таңдалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану	Курстың технологиясы мен әдіснамасы Туризм бағытындағы білім алушы студенттерді ғылыми даярлау бағытының ерекшелігін ескере отырып, терең мағынада қолданылады; ғылыми ұғымдар қойылған тапсырмаға нақты қолданылады, содан кейін негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде ашады;	Курстың әдіснамасы мен студенттің алған білімі әлсіз құрылымдалған және емтихан билетінде ұсынылған нақты практикалық тапсырмаларды шешуге бейімделген. Білім алушы жауаптарында картографиялық модельдеудің дамуы орташа деңгейде қарастырған, жауапта маңызды емес нақты қателер бар, оларды өздігінен түзете алады;	Курстың құралдары ішінара аз құрылымданған, мазмұны аз, жауапта нақты емес, презентация логикасы бұзылған, ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Пәннің мақсатты міндеттерімен және негізгі ерекшеліктерін ажырата алмайды, студент өз бетінше түзете алмайтын елеулі нақты қателіктердің көп кездесуі, емтихан мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне білім алушыға жауап жазу қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.	Тапсырманы шешу және курсты түсіндіру үшін карталарды құрас-тыруда қолданылатын шытырман оқиғалы туризмнің дамуы жөнінде білімді қолдана алмау; жауап беру кезінде (бір сұраққа) 3-4-тен астам өрескел қателіктер жібереді, оны тіпті мұғалімнің көмегімен түзете алмайды; материалды толық игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

<p>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу</p>	<p>Шытырман оқиғалы туризмнің мәні мен функциясы туралы әдістер мен жүйелерді интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі.</p>	<p>Курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау, білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми ұғымдарды қолдану арқылы өз ойларын бекіту үшін көрнекі материалдарды қолдану; емтихан билеті сұрақтары бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережелерін талдау.</p>	<p>Курстың заңдылықтары мен принциптерінің үстіртін негіздемесі, оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолдану; оны өз бетінше орындауда қиындықтар туындауы.</p>	<p>Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтың көрінісі.</p>	<p>Мысалдар келтірген кезде курс әдістерін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.</p>
--	--	---	--	---	---

ЕМТИХАНДЫ ТАПСЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

1. Шытырман оқиғалы туризм анықтамасын келтіріп, оның мән-мағынасын түсіндіріңіз 1
2. Шытырман оқиғалы туризм мотивациясын мысалдар келтіріп, түсіндіріңіз 1
3. Шытырман оқиғалы туризм ерекшеліктерін көрсетіп, мысалдар арқылы түсіндіріңіз 3
- 4 Шытырман оқиғалы туризмнің жіктелуін түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
5. Шытырман оқиғалы туризм жіктелуі: әскери турлардың мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
6. Шытырман оқиғалы туризм жіктелуі: қазына іздеу турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 2
7. Шытырман оқиғалы туризм жіктелуі: сафари-турлардың мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
8. Шытырман оқиғалы туризм жіктелуі: апат болған жерлерге саяхат жасау турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 2
9. Шытырман оқиғалы туризм жіктелуі: сиқырлы турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 3
10. Шытырман оқиғалы туризм: дайвинг турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
11. Шытырман оқиғалы туризм: трекинг-турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
- 12 Шытырман оқиғалы туризм: салтатты туризм мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 2
13. Шытырман оқиғалы туризм: теміржол турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
14. Шытырман оқиғалы туризм: автобустық маршруттардың мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
15. Шытырман оқиғалы туризм: автомобиль көлігі турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 2
16. Шытырман оқиғалы туризм: тау туризмінің мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
17. Шытырман оқиғалы туризм: альпинизм турларының мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
18. Шытырман оқиғалы туризм: спелеотуризмнің мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 2
19. Шытырман оқиғалы туризм: су туризмінің мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 1
20. Шытырман оқиғалы туризм түрі – аграрлық туризм түрлерінің мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 2
21. Шытырман оқиғалы турларды дайындау ерекшеліктерін осындай турды әзірлеу мысалында түсіндіріңіз 2
22. Шытырман оқиғалы турларды әзірлейтін менеджерге қойылатын талаптарды сипаттап, оның мінездемесі үлгісін жасаңыз 2
23. Шытырман оқиғалы туризм: хели-ски, бэйс-джампинг, сноубординг мағынасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңіз 2
24. Шытырман оқиғалы турлардағы қызмет көрсету пакетін Алматы облысындағы тур мысалында жасаңыз 3
25. Шытырман оқиғалы турларда туристерді жайғастыру және тамақтандыру ерекшеліктерін түсіндіріп, мысал келтіріңіз 2
26. Шытырман оқиғалы турларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін атап, туристке нұсқау мысалын жасаңыз 1

27. ЕҚТА – шытырман оқиғалы туризмнің ресурстарының бірі екенін белгілі бір ЕҚТА мысалында дәлелдеңіз 2
28. Әлемдегі ЕҚТА орналасуын көрсетіп, олардың шытырман оқиғалы туризмдегі маңызын дәлелдеңіз 1
29. Қазақстанның ЕҚТА орналасуын көрсетіп, олардың шытырман оқиғалы туризмдегі маңызын дәлелдеңіз 1
30. Қазақстанның шытырман оқиғалы туризм ресурстарына сипаттама беріп, олардың әлеуетін көрсетіңіз 2
31. Қазақстандағы спорттық туризм және оның ұйымдастырылуы ерекшеліктерін көрсетіп, мысалдар келтіріңіз 2
32. Шытырман оқиғалы туризм дамуына әсер ететін факторларды мысалдар арқылы түсіндіріңіз 2
33. Шытырман оқиғалы туризм: әлемнің тау шаңғы орталықтарының сипаттамасын жасап, олардың орналасу заңдылықтарын дәлелдеңіз 2
34. Шытырман оқиғалы туризм: Қазақстанның тау шаңғы орталықтарының сипаттамасын беріп, тау шаңғы ресурстарын түсіндіріңіз 2
35. Коммерциялық треккинг-турларды ұйымдастыру ерекшеліктерін белгілі бір тур мысалын келтіріп, түсіндіріңіз 3
36. Қазақстанда судағы туризм түрлерін дамыту әлеуетін мысалдар арқылы дәлелдеңіз 3
37. Қазақстан аумағындағы Тянь-Шаньның шытырман оқиғалы туризмді дамыту әлеуетіне сипаттама беріп, түрлері бойынша жіктеңіз 3
38. Қазақстан аумағындағы Алтайдың шытырман оқиғалы туризмді дамыту әлеуеті. 3
39. Іле Алатауында коммерциялық треккинг-тур ерекшеліктерін дәлелдеп, жоспарын жасаңыз 3
40. Коммерциялық турда қызмет көрсетуші бригада мүшелерінің міндеттерін түсіндіріп, қызметтік нұсқауын жазыңыз 3
41. Қазақстанның тау шаңғы курорттарына олардың орналасу ерекшеліктерін түсіндіріп, сипаттама беріңіз 3
42. Әлемдегі тау шаңғы орталықтарының орналасу заңдылықтарын ескеріп, сипаттама беріңіз 3
43. Шытырман оқиғалы туризм ерекшеліктерін ескеріп, Ұлы Жібек жолы бойымен құрамалы тур құрастырыңыз 3
44. Шытырман оқиғалы турлардағы қонақүй және орналастыру қызметінің ерекшеліктерін түсіндіріп, мысал келтіріңіз 3
45. Қазақстанның жоғары дәрежедегі альпинизмді дамытуға қолайлы аймақтардың сипаттамасын жасаңыз және атақты Қазақстан альпинистерінің жетістіктерін көрсетіңіз 3
46. Шытырман оқиғалы треккинг ерекшеліктерін ескеріп, оның жоспарын жасаңыз 3
47. Қазақстанның ЕҚТА – шытырман оқиғалы туризм ресурсы екенін мысалдар келтіріп, дәлелдеңіз 3

Оқу әдебиеті:

Әдебиет:

Негізгі:

1. Ердаулетов С.Р. Туризм тарихы (дамуы мен ғылыми зерттелуі) : оқу құралы / С. Р. Ердаулетов, А. Р. Жұмаділов ; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2011. – 333
2. Бабкин А. В.. Специальные виды туризма : учеб. Пособие. – Ростов н/Д : Феникс, 2008. - 251с
3. География туризма: учебник / кол. авторов; под ред. А.Ю.Александровой. – М.:КНОРУС, 2008. – 592 с.
4. Экономика и организация туризма: международный туризм / Под ред. И.А. Рябовой, Ю.В. Забаева, Е.Л. Драчевой. – М.: КНОРУС, 2005
5. Мазбаев, О.Б. Туризм және өлкетану негіздері : оқу құралы / О. Б. Мазбаев, Б. Қ. Асубаев, Е. А. Токпанов ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Астана : Фолиант, 2013. – 150
6. Баяндинова С.М. Саяхат индустриясы: оқу құралы/ С.М. Баяндинова. -Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 126 б.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңы.
Событийный туризм [Электронный ресурс] // Всё о туризме - турист. б-ка. – [Б.м.], 2002-2010. - URL http://tourlib.net/books_tourism/babkin09.htm (09.03.10)